

Мұқажан Жұмажанов атындағы селолық округінің Мұқажан Жұмажанов ауылының көшелерін ретке келтіру және оларға атау беру туралы

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Мұқажан Жұмажанов атындағы селолық округі әкімінің 2010 жылғы 8 қыркүйектегі N 1 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 қыркүйекте N 8-12-90

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармақшасына сәйкес, Мұқажан Жұмажанов атындағы селолық округінің Мұқажан Жұмажанов ауылы тұрғындарының 26 наурыз 2010 жылғы жиынында Мұқажан Жұмажанов ауылының көшелерін ретке келтіру және оларға атау беру жөніндегі N 1 жиналысының хаттамасы мен Жаңаарқа ауданы әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 26 ақпандағы N 1 хаттамасы мен ұйғарымын қарай келе Мұқажан Жұмажанов атындағы селолық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Мұқажан Жұмажанов атындағы селолық округіндегі Мұқажан Жұмажанов ауылының кейбір көшелеріне төмендегідей атаулар берілсін:

- 1 - ш і к ө ш е г е Бейбітшілік;
- 2 - ш і к ө ш е г е Тәуелсіздік;
- 3 - ш і к ө ш е г е Сәкен Сейфуллин;
- 4 - ш і к ө ш е г е Сайдалы Сары тоқа.

2. Мұқажан Жұмажанов атындағы селолық округі әкімі аппаратының бас маманы А . Жаркенова ауылдың көшелеріне атаулар берілуіне байланысты тиісті жұмыстар жүргізсін .

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау жүргізуді өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Село әкімі

Б. Саққұлақов